

Қазақстан-Ресей медицина университеті

ИӨЖ

Тақырыбы: Алкоголизм.

Орындаған: Әбдіхан Д.Д.

Тобы: 603 ЖТД

.Тексерген: Жунусова Э.Т.

Алматы 2016



Кіріспе



Жоспары

- 1) Алкоголизм: маскүнемдік.
- 2) Маскүнемдіктің клиникалық көріністері.
- 3) Маскүнемдіктің даму сатылары
- 4) Синдромдар
- 5) Емі

Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер

- Маскүнемдік— жүйелі түрде спиртті сусындарды қабылдаумен шақырылатын алкогольге патологиялық құмарлықтың пайда болуымен , психикалық , физикалық бұзылыстармен сипатталатын созылмалы психикалық ауру.

Алкоголизм диагностикалық критерилері (МКБ-10).

- Диагноз қойылу үшін келесі 3 немесе одан артық белгілердің жыл көлемінде дамуы қажет: Алкогольді қолдануға бағынбайтын құштарлық Алкоголь қабылдау көлемін бақылай алмауы, ретсіз қабылдау Болдырмау жағдайы (абстинентті синдром)

Алкогольді психоз

- Алкоголизмнің 2-ші және 3-ші стадиясында пайда болатын, экзогенді , эндоформды және психоорганикалық сипаттағы жедел, созылыңқы және созылмалы психотикалық бұзылыстар.

- **Металкогольдік психоз. Маскүнемдік психозды « металкоголді психоз » деген дәлірек болады. Себебі, психоздар ішімдікпен массивті интоксикация кезеңінде емес, ішімдік қабылдауды тоқтатқан кезде, яғни алкогольдің қандағы коцентрациясы тез төмендеген кезде дамиды**

Маскүнемдік психозы 2 ге бөлінеді.

Жедел түрі:

- Делирий(ақ қызба)
- Галлюциноз
- Параноид
- Энцефалопатия
- Гайе — Вернике ауру
- Дипсомания

Созылмалы:

- Параноид
- Галлюциноз
- Қызғану сандырағы
- Корсаков ауруы(Полиневрит)
- Жалған салдану
- Депрессия
- Эпилепсия

Алкогольдік делирий

- Белая горячка, delirium tremens – алкогольді психоздардың ішінде ең жиі кездесетін формасы, 80% жағдайда кездеседі. Ішуді тоқтатқаннан кейін 2-4 күнде басталады. Кешке уақытта симптомдар күшейе түседі. Иллюзарлы-галлюцинаторлы сананың бұлыңғырлануымен сахна тәрізді шынайы галлюцинация және парэйдолиямен жүреді. Екіншілік сандырақ, айқын қорқыныш сезімі, психомоторлы қозу, уақыт пен орынға ориентировканың бұзылуы да байқалуы мүмкін

- Ұйқының бұзылысы
- Түнде қорқынышты түстер көреді,
- Жиі оянады
- Иллюзиялар
- Елестеу галлюцинациялары
- Аффект бұзылыстары
- Вербальды галлюцинациялар т.б

- Кәсіптік делирий – өзінің кәсібіне қатысты күнделікті орындалатын жұмысты жасауы.
- Мусситирленген делирий (бет – әлпеті сөйлеумен сипатталатын делирий, әлсіз сандырақпен сипатталатын делирий)- бұл делирийде науқас төсектен тұрмай біртекті координацияланбаған күшейген қозғалыстар жасайды.

Созылмалы алкоголизм жіктелуі (А.А. Портнов және Н.Н. Пятницкой 1971)

- 1-кезең — невротикалық
 - Психикалық тәуелділік
 - Толеранттылықтың артуы
 - Палимпсест
 - Масаюдың паталогиялық формалары
-
- 2-кезең — наркоманиялық:
 - Физикалық тәуелділік (абстинентті синдром)
 - Толерантылық платосы
 - Салынып ішу психоздар

- 3-кезең — энцефалопатиялық.
Толеранттықтың төмендеуі Еске
сақтаудың бұзылуы Тұлғалық
деградация Суррогаттарды қабылдау

Астениялық синдром

- Оның негізгі көріністері: әлсіздік, денсалдық, тез қажығыштық, ес пен ынтаның бұзылуы, интеллектуалдық үрдістердің жойылуы және бастың ауыруы. Бұл көріністер қосылып жұмыс істеу қабілетінің әлсіреуіне әкеледі. Ұйқы бұзылады. Аурулар көпке дейін ұйықтай алмайды, қайта-қайта оянады, түстерді көп көреді, көрген түстері көбіне қорқынышты болады. Ұйықтап тұрған соң да сергектік сезілмейді. Тез ашулану, сіркесі су көтермеу, айналадағылармен конфликтілерге келу сияқты белгілер байқалады

- Спирттік ішімдіктердің тәуліктік дозасы- күшті шарап — 1 литр, арақ-400-500 мл. Алкоголизмнің бастапқы сатысының ұзақтығы 1-6 жыл және ол алкогольді қабылдаудың интенсивтілігіне байланысты.

Абстинентті синдром. Диагностикалық критерийлері:

- алкогольді тоқтатқандығы және оның алдында көп мөлшерде қабылдағандығы туралы нақты мәліметтер болуы;
Алкогольді тоқтатудың спецификалық симптомдарының болуы: қол мен тілдің треморы, тахикардия, АГ, тершеңдік, бас ауру, ұйқысыздық, мазасыздану, тревога, эпизодты түрде есту және көру галлюцинациялары

- Абстинентті синдромның басты диагностикалық критерийі алкоголь қабылдағаннан соң бұл белгілердің азаюы Абстинентті синдром ағзада қайтымсыз өзгерістердің болғандығын көрсетеді.

Алкогольді галлюциноз

Алкогольді психоздардың ішінде кездесу жиілігі бойынша 2 –ші орын алады. Қорқыныш формасындағы есту, вербальды галлюцинациялармен және сандырақ галлюцинациясы мен аффективті бұзылыстармен сипатталады.

Маскүнемдіктің даму сатылары

- **Бірінші сатысы** 1ден 4жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл кезде адам көп ішкенді көтере алады, артық ішсе де құспайды, ұдайы ішкісі келіп тұрады;
- **Екінші сатысында** (5-15ж) ішімдікті көп және күнделікті іше бастайды. ол ішу көңіл-күйінің қобалжуын баспай керісінше қоздырады, жадында сақтау қабілеті жоғалады, ішпеген жағдайда ойлау әрекеттері бұзылады. Есіл дерті ішімдік ішуге ғана ауып тұрады, жұмысқа деген қабілеті жоғалады.

- **Үшінші сатысы (5-10ж)** кезінде ішімділікке төзімділік азаяды. Болар-болмас ішкеннің өзінен қатты масаяды. Ішімдіктің денені сергітетін әсері жоғалады, ол тек адамның жалпы жағдайын ұстап тұруға ғана жарайды. Әрбір ішкеннен кейін істегенін ұмытып қалады. Ұдайы ішуге деген ұмтылыс адамның өмірінің мәніне айналады. Ішімділікке организм төзімділігінің аздығынан, өзінің шамасын дұрыс бағалай алмаудан науқас адам жиі өлімге ұшырайды.

- Жедел алкогольдік масаю Қайтымды патологиялық реакциялармен (психикалық, неврологиялық, соматовегетативті) сипатталатын жалпытоксикалық әсерімен көрінетін (эйфория, седация, релаксация) спиртті сусындарды қабылдау салдары болып

- Алкогольдің қандағы мөлшеріне қарай мастанудың мынадай деңгейлері ажыратылады:
 - 1-2% жеңіл
 - 3-4% орташа,
 - 5-6%-ға дейін- ауыр,
 - 7%-ден асса — өлімге алып келетін мөлшер.

Маскүнемдікті емдеудің негізгі үш кезеңі бар:

- алкогольден улану зардабын жою және науқастың көңіл-күйін қалпына келтіру;
- ішімдікке әуестікті жойып,
- оларға жиіркеніш сезімін тудыру және оған төзе алмаушылықты қалыптастыру.

Негізгі емі витаминотерапия, дәрі-дәрмектер ([инсулин](#) (инсулин, [атропин](#) (инсулин, атропин, [аминазин](#), т.б.) пайдалану. Сонымен қатар, ауру адамды қамқорлыққа алудың, тұрмыс жағдайын түзейтін әлеуметтік шаралар жасаудың айрықша маңызы бар.

Қорытынды

Сонымен қорыта келе, адам ағзасына түрлі кері әсерін тигізетін бұл заттарды қолдану, өте қауіпті дертті тудырумен бірге оны өлім жағдайына да алып келеді

Пайдаланылған әдебиеттер:

- www.google.ru/картинка/...
- Әділман Нұрмағамбетұлы 2007ж.